

Кейбір бұйрықтарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2026 жылғы 26 ақпандағы № 195 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 26 ақпанда № 38051 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 31 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7447 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау тәртібі туралы ережеде:

184-тармақтың орыс тіліндегі нұсқасына толықтыру енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалады;

226-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) өндіріп алушы төлеген жекеше нотариустың нотариаттық іс-әрекеттер жасағаны үшін мөлшерлемелер мөлшерінің сомасын белгілеу, өндіріп алушының атқарушылық жазба жасалған кезде көтерген пошталық шығыстары;"

233-тармақты мынадай редакцияда жазылсын:

"233. Жекеше нотариустың атқарушылық жазбаны жасағаны үшін ақы Заңның 30-бабы 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2025 жылғы 27 қыркүйектегі № 533 бұйрығымен бекітілген Жекеше нотариустардың нотариаттық әрекеттер жасағаны және өзге де көрсетілетін қызметтері үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттардың көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені және консультация беруді жүзеге асырғаны үшін мөлшерлемелер мөлшеріне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36957 болып тіркелген) алынады.

Жекеше нотариустың нотариаттық әрекеттер жасағаны және өзге де қызметтері үшін төлем төлеуден босатылған өндіріп алушы атқарушылық жазбаны жасау үшін жүгінген кезде, оларды төлеу бойынша міндет борышкерге жүктеледі.

Атқарушылық жазбаның күші жойылған кезде нотариусқа оны жасау үшін төленген сома қайтарылуға жатпайды."

2. "Жекеше нотариустардың нотариаттық әрекеттер жасағаны және өзге де көрсетілетін қызметтері үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттардың көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені және консультация беруді жүзеге асырғаны үшін мөлшерлемелер мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2025 жылғы 27 қыркүйектегі № 533 бұйрығына (Нормативтік құқықтық

актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36957 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жекеше нотариустардың нотариаттық әрекеттер жасағаны және өзге де көрсетілетін қызметтері үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттардың көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені және консультация беруді жүзеге асырғаны үшін мөлшерлемелер мөлшерінде:

2-тармақтың:

1) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қалалық жерлерде орналасқан жылжымайтын мүлікті (жер учаскелерін, тұрғынжайларды, саяжайларды, гараждарды, құрылыстар мен өзге де жылжымайтын мүлікті) иеліктен шығару туралы шарттарды куәландырғаны үшін:";

1) тармақша мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

"егер мәміле ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша алынған қаражат есебінен жылжымайтын мүлікті сатып алу мақсатында жасалатын болса – 4 АЕК;";

2) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ауылдық жерлерде орналасқан жылжымайтын мүлікті (жер учаскелерін, тұрғынжайларды, саяжайларды, гараждарды, құрылыстар мен өзге де жылжымайтын мүлікті) иеліктен шығару туралы шарттарды куәландырғаны үшін:";

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) автомобиль көлігін, тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды сату құқығынсыз пайдалану және басқару құқығына сенімхаттарды куәландырғаны үшін – 2 АЕК;";

26) тармақшасы мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"Бұл ретте Заңның 92-1-бабы 2-тармағының 9) тармақшасында көзделген талап бойынша атқарушылық жазба жасау үшін – 0,5 АЕК.

Заңның 92-1-бабы 2-тармағының 6) және 7) тармақшаларында көзделген талаптар бойынша атқарушылық жазба жасау үшін ақы төлеудің төменгі шегі 1 АЕК құрайды.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Өндіріп алушының нотариусқа атқарушылық жазба жасағаны үшін төлеген төлемі, сондай-ақ осыған байланысты өндіріп алушы көтерген шығыстар борышкерге жатқызылады.

Атқарушылық жазбаның күші жойылған кезде, нотариусқа оны жасағаны үшін төленген сома қайтарылуға жатпайды."

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтерді көрсетуді ұйымдастыру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің м.а.*

Б. Жакселекова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК